

«Satcredit.kz» Микроқаржы ұйымы» ЖШС

Жалғыз қатысушының
2025 жылғы «16» қыркүйектегі №9 шешімімен
БЕКІТІЛДІ



Құжаттың атауы:

«Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты

Басылым: 1

Беттер саны: 8

Алматы, 2025 жыл

Бұл рәсім «Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС-нің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және оны осы ақпараттың қолданылу мақсатынан бөлек қандай да бір басқа мақсаттарда тікелей немесе жанама түрде пайдаланбау, көшірмеу немесе жария етпеу шартымен беріледі.

«Satcredit.kz» Микроқаржы ұйымы» ЖШС		Басылым: 1
Қолданысқа енгізілді: 16.09.2025 жылы	«Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты	8 беттің 2-беті

1. Жалпы ережелер.

1.1. «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС (бұдан әрі – «МҚҰ») интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – «Саясат») Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және МҚҰ ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат www.satcredit.kz интернет-ресурсының (бұдан әрі – Сайт) көмегімен жиналған дербес деректерді және олармен байланысты Сайтта микрокредит алу қызметтері мен құралдарын өңдеудің МҚҰ белгілеген тәртібін сипаттайды, электронды тәсілмен микрокредиттер беру кезінде Сайттың қауіпсіздігін, деректердің сақталуы мен құпиялығын қамтамасыз ету шараларын анықтайды.

1.3. МҚҰ-ға Пайдаланушылардан келіп түскен барлық ақпаратты, соның ішінде олардың дербес деректерін МҚҰ Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң), ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар мен МҚҰ ішкі құжаттарының талаптары шеңберінде ғана өңдейді.

2. Саясатта қолданылатын негізгі ұғымдар

2.1. Осы Саясат мақсаттарында мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ақпараттың құпиялығы – ақпаратқа оған қол жеткізу құқығы бар субъектілер ғана, әрі осындай ақпаратты оны жинау және өңдеу және/немесе коммуникациялық байланыс арналары арқылы жіберу кезінде жария болудан қорғайтын ақпарат иесінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеу талабын міндетті түрде орындай отырып қол жеткізетін ақпарат қауіпсіздігі.

2) ақпараттың сақталуы – ақпаратты сақтау және/немесе коммуникациялық арналар бойынша беру кезінде оның зақымданудан қорғалуын, тұтастығын және рұқсатсыз пайдаланудан, жария етуден, бұрмалаудан, өзгертуден, толықтырудан, зерттеуден, жазудан, көшіруден немесе жоюдан қорғалуын қамтитын ақпаратты өзгеріссіз күйде сақтау процесі;

3) cookies – ақпаратты тікелей пайдаланушының компьютерінде, мобильді телефонында немесе басқа құрылғысында сақтайтын шағын мәтіндік файлдар;

4) pixels – басқа серверге веб-парақшаның қаралымын есептеуге мүмкіндік беретін веб-парақшалардағы кодтардың бір бөлігі болып табылатын және көбінесе cookie файлдарымен бірге пайдаланылатын шағын цифрлық кескіндер. Код пайдаланушының Сайттағы парақшамен немесе парақшаның бір бөлігімен әрекеттесетінін көрсету үшін пиксельдің қашан (және қай парақшада) жүктелгенін қадағалайды;

5) IP-адрес – жергілікті немесе жаһандық компьютерлік желінің әрбір қатысушысына берілетін бірегей желілік сәйкестендіргіш;

6) Пайдаланушы (дербес деректер субъектісі) – Сайтты және оның микрокредит алу жүйесін пайдаланатын кез келген жеке тұлға;

«Satcredit.kz» Микроқаржы ұйымы» ЖШС		Басылым: 1
Қолданысқа енгізілді: 16.09.2025 жылы	«Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты	8 беттің 3-беті

7) Микрокредит – МҚҰ микрокредит беру туралы жасалған шартқа сәйкес төлем, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беретін ақша;

8) Дербес деректер – Пайдаланушының физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын, солардың негізінде оның жеке басын анықтауға болатын Пайдаланушының биометриялық деректерін қоса алғанда, электронды, қағаз және (немесе) басқа да материалдық тасымалдағышта тіркелген, белгілі бір немесе солардың негізінде анықталатын Пайдаланушыға қатысты мәліметтер, Сайтты пайдаланатын Пайдаланушыға тікелей немесе жанама қатысы бар басқа ақпарат.

9) Дербес деректерді жинау – МҚҰ-ның Пайдаланушының дербес деректерін алуға бағытталған іс-әрекеттері.

10) Дербес деректерді беру – Пайдаланушының МҚҰ-ға өзінің дербес деректерін ашуға бағытталған іс-әрекеттері.

11) Дербес деректерді өңдеу – Пайдаланушының дербес деректерін жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер.

11.1) Дербес деректерді жинақтау – дербес деректерді қамтитын дерекқорға дербес деректерді енгізу арқылы оларды бір жүйеге келтіру іс-әрекеттері.

11.2) Дербес деректерді сақтау – дербес деректердің тұтастығын, құпиялығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету іс-әрекеттері.

11.3) Дербес деректерді пайдалану – МҚҰ-ның және үшінші тұлғаның қызмет мақсаттарын іске асыру мақсатында дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттер.

11.4) Дербес деректерді тарату – жасалуы нәтижесінде дербес деректер берілетін, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілетін немесе қандай да бір өзгеше тәсілмен дербес деректерге қол жеткізу ұсынылатын іс-әрекеттер.

11.5) Дербес деректерді иесіздендіру – жасалуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілілігін анықтау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер.

11.6) Дербес деректерді бұғаттау – дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтату іс-әрекеттері.

11.7) Дербес деректерді жою – жасалуы нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер.

12) Дербес деректерді трансшекаралық беру – дербес деректерді осы Құпиялық саясатында белгіленген мақсаттарда Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен шет мемлекеттердің аумағына беру.

3. Дербес деректерді жинау және өңдеу.

3.1. Пайдаланушының Дербес деректерін жинау және өңдеу қолданыстағы Заңның, сондай-ақ Дербес деректерді жинау мен өңдеуге арналған басқа да арнайы талаптардың шеңберінде жүзеге асырылады.

«Satcredit.kz» Микроқаржы ұйымы» ЖШС		Басылым: 1
Қолданысқа енгізілді: 16.09.2025 жылы	«Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты	8 беттің 4-беті

3.3 Пайдаланушының дербес деректері Пайдаланушыны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін төмендегідей деректерді немесе ақпарат компоненттерін білдіреді:

3.3.1. жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3.3.2. жеке сәйкестендіру нөмірі;

3.3.3. жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі және қолданылу мерзімі;

3.3.4. ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі, электронды пошта адресі (email);

3.3.5. клиенттің банктік шотының деректемелері (IBAN) және/немесе төлем картасының деректемелері (терминалдар арқылы микрокредиттер беруден басқасында);

3.3.6. тұрғылықты мекенжайы/тіркелген мекенжайы, соның ішінде тұрғылықты елі туралы ақпарат;

3.3.7. оқу орнының / жұмыс орнының атауы мен мекенжайы;

3.3.8. фотосуреттері;

3.3.9. биометриялық деректері;

3.3.10. Пайдаланушының қарап шешуі бойынша берілген басқа жиынтық ақпарат.

3.4. МҚҰ Пайдаланушының дербес және басқа ақпаратын заңсыз, рұқсат етілмеген немесе кездейсоқ қол жеткізуден, мақсаттан тыс пайдаланудан, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың басқа да заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

3.5. Пайдаланушының дербес деректерін өңдеу оның келісімімен жүзеге асырылады.

3.6. Пайдаланушы осы арқылы МҚҰ-ға Пайдаланушы туралы кез келген ақпаратты, соның ішінде Пайдаланушыдан алынған ақпаратты жинау, сақтау, пайдалану, тарату, алу, басқа жолмен өңдеу, төмендегілерді қоса алғандағы, бірақ олармен шектелмейтін кез келген үшінші тұлғаларға беру құқығын және өз келісімін береді:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген кредиттік бюроларға;
- МҚҰ-ға қызмет көрсететін тұлғалар мен МҚҰ арасында жасалған шарттарға сәйкес олардың өз функцияларын орындауын немесе қызметтерді көрсетуін қамтамасыз ету үшін МҚҰ-ға қызмет көрсететін тұлғаларға;
- микрокредит беру туралы ұсынылған оферта бойынша МҚҰ құқықтарын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайларда; Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа да жағдайларда.

3.7. Пайдаланушының Дербес деректерін өңдеу кез келген заңды жолмен, соның ішінде автоматтандыру құралдары пайдаланылатын немесе пайдаланылмайтын дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде жүзеге асырылады.

«Satcredit.kz» Микроқаржы ұйымы» ЖШС		Басылым: 1
Қолданысқа енгізілді: 16.09.2025 жылы	«Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты	8 беттің 5-беті

3.8. Пайдаланушы Дербес деректердің анықтығын, жеткіліктілігін және, қажет болған жағдайда, дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қатысты өзектілігін қамтамасыз етеді.

3.9. МҚҰ микрокредит беру және қызмет көрсету үшін қажет болатын Пайдаланушы туралы ақпаратты жинауға құқылы. МҚҰ Пайдаланушының құрылғысы туралы мәліметтерді (соның ішінде операциялық жүйесінің атауы мен нұсқасы, cookie (куки) файлдары, «Pixels», IP-адресі, пайдаланатын браузері (браузер түрі мен нұсқасы) және тілі, сайтқа кірген күні мен уақыты, бағдарламалық жасақтамасы және аппараттық атрибуттары, Пайдаланушы кірген және сұратқан веб-парақшалардың интернет-адрестері, Пайдаланушы кірген МҚҰ интернет-ресурстарында орналастырылған ақпараттың тақырыбы, қаралған беттер саны, Сайтта болу ұзақтығы, құрылғыға тіркелген аккаунттардың тізімі, пайдаланушының пайдаланушы-агенті, жарнама трафиінің көзі, сессия сәйкестендіргіші, авторлану/тіркелу уақыты, токен, токенді жүйелермен байланыста әрбір тексерудің уақыты, қызметті пайдалану күні/уақыты, Пайдаланушының интернет-қызметтер провайдерінің домендік атауы туралы ақпаратты) және/немесе пайдаланылатын басқа да құрылғылар туралы ақпаратты немесе жүйе деңгейіндегі ақпаратты автоматты түрде алып, өз серверлерінде тіркей алады. Бұл Сайтта немесе мобильді қолданбада немесе үшінші тұлғалардың қызметтерінде болуы мүмкін.

3.10. Дербес деректерді өңдеу Google Tag Manager, Google Analytics, Firebase Analytics, Яндекс.Метрика, Appsflyer, UserX, Vk.com, Mail.ru, Amplitude, Mytarget, Microsoft Clarity, Juicy Score, Matomo, Flocktory талдамалық қызметтерін қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен қатар, Компания Пайдаланушылардың Дербес деректерін өңдейтін басқа да бөгде талдамалық қызметтерді пайдалана алады.

3.11. Дербес деректер қауіпсіз түрде, соның ішінде заманауи шифрлау әдістерін қолдана отырып жиналады және өңделеді.

3.12. МҚҰ Сайт Пайдаланушыларының Дербес деректерін мына мақсаттарда өңдейді:

3.12.1 Пайдаланушыға МҚҰ қызметтерін ұсыну, соның ішінде микрокредит беру, сондай-ақ Сайттың тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында, соның ішінде жеке кабинетте тіркелу және Пайдаланушының есептік жазбасын құру кезінде Пайдаланушыны сәйкестендіру. Сайтта жеке кабинетін ашу арқылы Пайдаланушы МҚҰ қызметтерін алу үшін есептік жазба құруға келісімін береді.

3.12.2 Пайдаланушыға Сайттың дербестендірілген ресурстарына қолжетімділік беру.

3.12.3 Пайдаланушымен кері байланыс орнату, соның ішінде Сайтты пайдалануға, оның функционалдық мүмкіндіктерін өзгертуге, қолжетімді жаңартулардың пайда болуына, МҚҰ Пайдаланушыға ұсынатын немесе беретін кез келген өнімдердегі немесе қызметтердегі өзгерістерге, қызметтерді көрсетуге,

«Satcredit.kz» Микроқаржы ұйымы» ЖШС		Басылым: 1
Қолданысқа енгізілді: 16.09.2025 жылы	«Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты	8 беттің 6-беті

Пайдаланушыдан алынған сұранымдар мен өтінімдерді/ Өтініштерді және т.б. өңдеуге қатысты хабарламалар, сұранымдар жіберу.

3.12.4 Пайдаланушы берген дербес деректердің дұрыстығы мен толықтығын растау.

3.12.5 Пайдаланушыны ол берген өтінімдердің / Өтініштердің орындалу жай-күйі туралы хабардар ету.

3.12.6 Төлемдерді өңдеу, аудару және алу.

3.12.7 МҚҰ-ның Пайдаланушыға микроқаржы қызметтерін көрсетуі.

3.12.8 Пайдаланушыны ассортименттің жаңаруы, арнайы ұсыныстар, бағалар, МҚҰ атынан немесе МҚҰ серіктестерінің атынан жүргізілетін іс-шаралар, акциялар туралы хабардар ету және басқа да мәліметтер беру.

3.12.9 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтықтың алдын алу және қауіпсіздік деңгейін жоғарылату мақсатында Пайдаланушының шамамен орналасқан жерін анықтау.

3.12.10 Сайтты пайдаланумен байланысты мәселелер туындаған жағдайда Пайдаланушыға тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету.

3.12.11 Сайт қызметтерінің сапасын, мазмұнын, ілгерілетілуін және ыңғайлылығын, олардың пайдаланылуын жақсарту және талдау, жаңа қолданбалар мен қызметтерді әзірлеу.

3.12.13 Жеке емес деректерге негізделген статистикалық және басқа зерттеулерді жүргізу, сондай-ақ жарнамалық хабарламаларды оңтайландыру.

3.13. МҚҰ Пайдаланушының дербес деректерін жинауды, өңдеуді (соның ішінде қағаз тасымалдағышта және (немесе) электронды форматта МҚҰ дерекқорларында сақтауды, пайдалануды және таратуды (беруді)), соның ішінде Пайдаланушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісімінде көрсетілген мақсаттарда жүзеге асырады.

4. Дербес деректерді сақтау және пайдалану

4.1. ҚР заңнамасының және МҚҰ ішкі құжаттарының талаптарын орындаумен байланысты дербес деректерді автоматтандырылмаған өңдеу қажет болатын жағдайлардан басқасында, Пайдаланушылардың дербес деректері тек электронды тасымалдағыштарда сақталады және автоматтандырылған жүйелерді пайдалана отырып өңделеді.

4.2. МҚҰ Пайдаланушының дербес ақпаратын мына жағдайларда пайдалануға және үшінші тұлғаларға беруге құқылы:

- Пайдаланушыға микрокредит беру қызметтерін көрсету қажет болғанда және Пайдаланушы осындай әрекеттерге келісімін бергенде;
- ақпаратты беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қажет болғанда;
- Пайдаланушы МҚҰ-мен жасалған микрокредит беру туралы шарт талаптарын бұзған кезде МҚҰ құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

«Satcredit.kz» Микроқаржы ұйымы» ЖШС		Басылым: 1
Қолданысқа енгізілді: 16.09.2025 жылы	«Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты	8 беттің 7-беті

- Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ ішкі құжаттарында қарастырылған басқа да жағдайларда.

5. Дербес деректерді қорғау

5.1. МҚҰ Пайдаланушылардың Дербес деректерінің қорғалуын қамтамасыз ету үшін, Пайдаланушының дербес деректерінің заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың басқа да заңсыз әрекеттерінен қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында құқықтық, ұйымдастырушылық, әкімшілік, техникалық және физикалық шараларды қоса алғанда, барлық сақтық шараларын қолданады.

5.2. МҚҰ-мен өзара әрекеттесу кезінде Пайдаланушы өзінің дербес деректері мен ақпаратын өзектілендіріп отыруы тиіс. МҚҰ, өз кезегінде, ҚР заңнамасына сәйкес деректер мен ақпаратты сақтаудың ұзағырақ мерзімі қажет болатын жағдайлардан басқасында, дербес деректер мен ақпаратты осы Саясатта және МҚҰ ішкі құжаттарында сипатталған мақсаттарды орындау үшін қажетті мерзім ішінде сақтайды.

5.3. МҚҰ Сайты мыналарды қамтамасыз етеді:

1) МҚҰ Сайтының тиесілілігін (домендік атау, логотиптер, корпоративтік түстер) сәйкестендірудің бірегейлігі;

2) авторландыру деректерін браузер жадында сақтауға тыйым салу;

3) енгізілетін құпияларды бүркемелеу;

4) клиенттің авторлану парақшасында Сайтты пайдалану кезінде қолдануға кеңес берілетін кибергигиенаны қамтамасыз ету шаралары туралы хабардар ету;

5) қателер мен ерекшеліктерді құпия деректердің клиент интерфейсінде көрсетілуіне жол бермей, қате туралы ең аз жеткілікті ақпаратты бере отырып, қауіпсіз тәсілмен өңдеу.

5.4. Пайдаланушы www.satcredit.kz сайтындағы жеке кабинетінен өзінің Логинін және/немесе Құпия сөзін, сондай-ақ МҚҰ-дан алынған, www.satcredit.kz сайтымен байланысты кодтары бар СМС хабарламаларды, соның ішінде жеке кабинетке кіру деректерін қалпына келтіру кодтарын үшінші тұлғаларға жария етпеуге, жеке кабинетке кез келген бөгде құрылғыдан кірген жағдайда жеке кабинеттен шығуды қамтамасыз етуге міндеттенеді, Пайдаланушы аталған деректерді үшінші тұлғаларға жария еткен жағдайда, Пайдаланушы осындай жария ету нәтижесінде үшінші тұлғалар келтірген зиян үшін жеке жауапкершілік көтереді.

6. Жауапкершілік.

6.1. Пайдаланушының дербес деректерін өңдейтін МҚҰ қызметкерлері берілген ақпаратты қорғау, өңдеу және пайдалану тәртібін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

6.2. МҚҰ Пайдаланушылардың қандай да бір құпиялық баптауларын бұзуға және өздігінен өзгертуге және/немесе қауіпсіздік шараларын бұзуға бағытталған әрекеттері үшін жауапты болмайды.

«Satcredit.kz» Микроқаржы ұйымы» ЖШС		Басылым: 1
Қолданысқа енгізілді: 16.09.2025 жылы	«Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС интернет-ресурсының құпиялық және қауіпсіздік саясаты	8 беттің 8-беті

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Саясатта тікелей көрсетілмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар Заң нормалары мен ережелерін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзге де нормаларын басшылыққа алады.

7.2. Бұл Саясат тек МҚҰ Сайтына қатысты ғана қолданылады. МҚҰ Пайдаланушының Сайтпен байланысты және онда қол жеткізуге болатын сілтемелер арқылы өз бетінше өтуі мүмкін болатын үшінші тұлғалардың басқа сайттарын бақыламайды және олар үшін жауапты болмайды.

7.3. Осы Саясат талаптарын қабылдай отырып, Пайдаланушы МҚҰ-ға өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге, соның ішінде трансшекаралық беруге сөзсіз және қайтарылмайтын келісімін береді.

7.4. МҚҰ Пайдаланушының дұрыс емес деректер бергені үшін жауапты болмайды. Берілген ақпарат үшін Пайдаланушы өзі толық жауап береді. Бұл ретте МҚҰ Пайдаланушы Сайтта ұсынылған мәселелер бойынша сенімді және жеткілікті түрде дербес ақпаратты береді және Пайдаланушы бұл ақпаратты өзектілендіріп отырады деп санайды.

7.5. Жеке кабинетте тіркелу және/немесе Сайтты пайдалану кезінде Пайдаланушы Сайттың функционалдық мүмкіндіктерін нәсілдік кемсітушілікті, ұлттық араздықты қоздыру, зорлық-зомбылықты насихаттау, жала жабу мақсатында пайдаланбайтынына, құқықтық тәртіп пен өнегелілік негіздеріне қайшы келетін мәліметтерді, сондай-ақ заңға қайшы сипаттағы ақпарат пен материалдарды жасамайтынына және таратпайтынына кепілдік береді.

7.6. МҚҰ Пайдаланушының келісімінсіз Пайдаланушылар берген дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Саясатқа кез келген уақытта өз қарап шешуі бойынша кез келген өзгерістерді енгізу құқығын өзіне қалдырады.

7.7. Осы Саясатқа қатысты қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда, Пайдаланушылар www.satcredit.kz сайтында көрсетілген байланыс деректері бойынша МҚҰ-ға хабарласа алады.

7.8. Осы Саясат, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар МҚҰ жалғыз қатысушысының шешімімен бекітіледі.

